

**Автор: Ниязбек Лана Руслановна,
Astana Garden School, 11А сынып оқушысы,**

Жасанды интеллект даму дәуірінде зияткерлік меншіктің рөлі

Жасанды интеллект - интеллектуалдық қабілеттерді қажет ететін тапсырмаларды орындауға қабілетті бағдарламалар және жүйелерді жасауға арналған ғылым саласы. ЖИ негізгі мақсаты - компьютерлік жүйелерге қоршаған ортаны қабылдауға, ақпаратты өңдеуге, шешім қабылдауға және тәжірибеден тыс үйренуге мүмкіндік беретін алгоритмдер мен модельдерді жасау. Зияткерлік меншік - ақыл өнімі. Жасанды интеллекттің даму дәуірінде зияткерлік меншіктің маңыздылығы неде?

Қазіргі таңда жасанды интеллект компьютерлік көру, робототехника, автоматты жоспарлау, табиғи тілді өңдеу сияқты әртүрлі салаларда кеңінен қолданылып жатыр. «Жасанды интеллект» терминін 1956 жылы американдық компьютер ғалымы Джон Маккарти енгізген еді. «Жасанды интеллект» ұғымының пайда болуымен және оның дамуымен біздің өміріміздің көптеген аспектілері өзгерді. Мәселен, оқыту тәсілі, еңбек нарығы, жұмыс үдерісін автоматтандыру сияқты тағы да басқалары да және зияткерлік меншік жүйесі де белсенді түрде өзгеруде. Жаңа тенденциялардың ағымына ілесіп, заман талабына сай білім беру де күн өткен сайын өзекті әрі күрделі бола түсуде. Білім беру платформаларының күн санап өсуі де, жасанды интеллекттің білім саласымен қабыса, тұтаса қатар дамуы да болашақта білім беру саласының әлі де өзгере түсетінін айғақтайды. Қазіргі таңда технология бірнеше секунд ішінде сурет сала алатын, ән жаза алатын, сәулет объектісін елестете алатын жағдайларда зияткерлік меншік заңдары мен оның саясатының өзгерістерге қалай бейімделетінін және олардың алдында қандай қиындықтар тұрғанын қарастыру өте маңызды болып табылады.

2023 жылдың сәуірінде танымал әншілер Дрейк пен The Weekend дауыстарымен интернетте «Spotify» музыка платформасында 15 миллионнан астам қаралым жинай алатын бейне шықты. Айта кету керек, ән шыққанға дейін әртістердің ешқайсысы да хабардар болған жоқ, дауыстар жасанды интеллект арқылы заңсыз жасалған болып шықты. Технологияның бір мезгілде оң және кері ықпалы бар екендігінің тағы бір мысалы - танымал ән «Heart on my Sleeve» немесе «Fake Drake», ол сонымен қатар сүйікті әншісінің вокалын алмастыратын вокал жасау үшін жасанды интеллект жүйелерін қолданды.

Вокалды генерация - инновация жасай алатын көптеген мүмкіндіктердің бір түрі. Ол адам айлап, жылдап жұмсайтын нәрсені бірнеше секунд ішінде лезде жасай алады. Бұл мысалдар JRC-тің саяси шешімдер туралы ғылыми есебіне сәйкес зияткерлік меншікті қарастырудың маңыздылығын дәлелдейді.

Еуропалық перспектива, Еуропалық комиссия жасанды интеллектті патенттеуге қабілетті қылу оңай жұмыс емес деп хабарлайды, өйткені бұл технологиялар машиналық оқытумен байланысты, себебі бағдарламалық қамтамасыздандыру мен алгоритмдерге негізделген. Мәселе дәстүрлі патенттік технологиялар адам жасаған өнертабыстардың авторлық құқығын қорғайды. Жасанды интеллект жаңа нәрсе жасаса да, иесі кім екені белгісіз болады, бұл процеске қатыспаған адам немесе жасанды интеллекттің өзі де заң бойынша автор бола алмайды.

Жасанды интеллект автор ретінде көрсетілмесе де, жақында жасанды интеллектті патенттік өтінімде өнертапқыш ретінде көрсету мүмкіндігі туралы мәселе туындаған кезде әзірлеуші Стивен Талер DABUS өнертабысының патентіне (Device for the autonomous bootstrapping of unified sentience /ұсынысты дербес жүктеуге арналған құрылғы) өтініш берген екен. Ол өз өтінішінде автордың Жасанды интеллект екенін атап өткен, дегенмен патенттеу ведомствосы автор тек жеке тұлға бола алатынына дәлел келтіре отырып, бас тартқан болатын. Өнертапқыш заңда патенттің кім болу керектігі туралы нақты анықтама жоқ екенін айтып, шешімге шағым білдірген.

Кейіннен апелляциялық сот өтінішті қарағаннан кейін де бас тартады. Алайда, бас тартқаннан кейін, Талер Жоғарғы сотқа жүгінеді, онда сот шешімді күшінде сақтай отырып, осы істі қараудан бас тартады. Тек адамның патенті бар деген ұстанымды қолданатын елдердің бірнеше мысалын келтіруге болады. Мысалы, Еуропалық Одақ Соты (CJEU) бұл маңызды деп шешті, себебі ерекше үлес пен инновацияға айтарлықтай үлесті тек жеке адам ғана қоса алады делінген.

Сонымен қатар 2011 жылы британдық фотограф Индонезияға сапарға барғанда маймыл камераны тартып алып, өзін-өзі суретке түсірген. PETA (people For the Ethical Treatment of Animals – «жануарларға этикалық қарым-қатынаспен қарайтын адамдар») ұйымы АҚШ-та маймылға патент беру үшін сотқа шағым түсірді. Бірақ олар сотта жеңіске жете алған жоқ. Бұл айқын мысал патент алу тек адамға қатысты екенін дәлелдейді. Жаратушы, жасанды интеллект те заңнамалық деңгейде авторлық құқыққа ие бола алмайды. Жалпы патент туралы соттар көбінесе қаралмайды, олардың шағымдары қайтарылууда.

Жасанды интеллект оқытылатын деректер туралы мәселені қарастыру өте маңызды. Себебі жаңа өнертапқыштар әртүрлі ақпарат көздерінен, яғни баяндамалардан, бейнелерден, инфографикалардан ақпаратты жинайды және зерттейді, бұдан жаңа нәрсе жасау үшін пайдаланылғандардың құқығын қорғау туралы мәселе туындайды. Мысалы, жасанды интеллект әннің музыкасы мен мәтінін жасай алады, ал ол мұны адам жазған алдыңғы әндерге сүйене отырып жасайды. Бұл мәселе суретшілер, музыканттар және жазушылар сияқты шығармашылық мамандықтардың өкілдерін де алаңдатады. Сол себепті қолданушы жасанды интеллекттің көшірілген шығармашылығын пайдалану арқылы айтарлықтай сыйақы мен мақтауға ие бола алмайды. Әсіресе жасанды интеллект көптеген ақпаратты көшіреді, бұл өте маңызды. Осыдан деректерді әділ пайдалану және оларды қорғау туралы сұрақтар туындайды. Бұл мәселені шешудің бірнеше жолы бар.

Біріншіден, мемлекеттер, компаниялар, корпорациялардың басқарушылары өнертапқыштарға қатысты заңнамалық нормаларды

карастырып, өзгертулері керек. Маңызды шешімдердің бірі - гибриді авторлық құқықты орнату, яғни өнертапқыштың және жасанды интеллекттің қосқан үлесі бағаланады, осылайша жаңашылдықта бірлескен авторлар ретінде көрсетіледі, бұл құру процесін анық көрсетуге мүмкіндік береді және жұмыстың жасалуы неғұрлым ашық және сенімді болады.

Екіншіден, шығармалары генерациялауда пайдаланылған авторларды ынталандыру жүйесін әзірлеген жөн. Мұны лицензиялық келісімдер арқылы қайта жасауға болады, онда жасанды интеллектті оқыту мүмкіндігінің қандай да бір үлесін алу мүмкіндігі болады және өнімді қоғамда пайдалануға болады. Бұл тәжірибе авторлар мен жасанды интеллект арасындағы түсініспеушіліктің азаюына әсер етеді.

Үшіншіден, жасанды интеллект пен зияткерлік меншік саласындағы этикалық нормалар, құқықтар мен міндеттер туралы жасанды интеллектті пайдаланушыларды хабардар ету өте маңызды. Осылайша, жүйені қолданушылар, әзірлеушілер де, пайдаланушылар да, өз туындыларын қалай пайдалануға болатындығын және олардың құқықтарын қорғау үшін қандай шаралар қолдануға болатындығын түсінеді.

Бүгінгі таңда жасанды интеллекттің рөлін түсіну арқылы авторлық құқықты өзгерту бастамасын қолдайтын ұйымдар бар. Мысалы, US copyright office (АҚШ авторлық құқық орталығы) Конгреске барлық адамдарды рұқсат етілмеген сандық көшірмелерден саналы түрде таратудан өмір бойы қорғайтын федералды заң құруды белсенді түрде ұсынады. Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы (WIPO) халықаралық деңгейде жасанды интеллект патентін реттеу бойынша мемлекеттер үшін құқықтық нормаларды жасайды және ұсынады. Бұл - инновацияларды қабылдауға арналған заңның үлкен және сенімді қадамы. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (OECD) жасанды интеллектті қоса алғанда, инновациялар саласындағы ұсыныстар талдаулары арқылы мәселелерді шеше алады.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект жүйелері арнайы логикалық жүйелер арқылы компьютерлік бағдарламада жүзеге асырылған адам

интеллектінің жеке аспектісін ұдайы өндіретін техникалық жүйелер болып табылады. Жасанды интеллекттің даму дәуірінде зияткерлік меншік маңызды. Қаралған ақпараттарды зерделей келе, жасанды интеллект дәуірінде зияткерлік меншік жеке тұлғаға ғана қатысты емес, адам мен машинаның бірлесе жасаған ұжымдық игілігі ретінде де қаралуы мүмкін деп санауға болады. Бұл технологияға жаңа көзқараспен қарауды қажет етеді және әрбір инновацияны жеке қорғаудың орнына, бірлескен күш-жігердің арқасында инновациялар жасалатын және жетілдірілетін экожүйені құру идеясын қарастырған жөн, бұл бізді дәстүрлі көзқарастарды қайта қарауға итермелейді.

Пайдаланылған дереккөздер:

1. BBC News. (2017, September 26). Изобретения без авторов: патенты и искусственный интеллект. <https://www.bbc.com/russian/news-41237973>.

2. Cooley LLP. (2024, January 29). Copyright ownership of generative AI outputs varies around the world. <https://www.cooley.com/news/insight/2024/2024-01-29-copyright-ownership-of-generative-ai-outputs-varies-around-the-world> U.S.

3. Copyright Office. (2023). Copyright and artificial intelligence: Part 1 - Digital replicas report. <https://www.copyright.gov/ai/Copyright-and-Artificial-Intelligence-Part-1-Digital-Replicas-Report.pdf>.